

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Балабақша тәрбиесі - тұлға қалыптасудың бастауы

ЖАРИЯЛАНДЫ
01.11.2025СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/183636/**Алмуханова Самал Қоныспайқызы**

БҚО Казталов ауданы, Талдыапан ауылы,
МКҚК “Балбөбек” бөбекжайының жетекшісі

Аннотация:

Мақалада мектепке дейінгі тәрбиенің бала дамуындағы рөлі, тәрбиешінің кәсіби шеберлігі мен ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиенің маңызы қарастырылған.

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен жаңару үдерісі білім мен тәрбиенің сапасына тікелей байланысты. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие мен оқыту жүйесі ерекше назарда болуы тиіс. Балабақша – баланың өмірге алғашқы бейімделу ортасы, тұлға ретінде қалыптасуының іргетасы.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бала тәрбиесінің бастауы – отбасында қаланып, балабақшада жүйелі түрде дамиды. Балабақшадағы тәрбиенің басты мақсаты – дені сау, белсенді, танымдық қабілеті жоғары, өз ойын еркін жеткізе білетін, отансүйгіш тұлға тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын заманауи әдіс-тәсілдер (ойын технологиясы, жобалау әдісі, интерактивті оқыту, STEAM тәсілдері) балалардың шығармашылық қабілетін дамытып, өздігінен әрекет етуге үйретеді.

Тәрбиешінің кәсіби шеберлігі мен педагогикалық мәдениеті – оқу-тәрбие процесінің табысты болуын қамтамасыз ететін басты факторлардың бірі. Тәрбиеші тек білім мен тәрбие беруші емес, ол – баланың жан дүниесін түсінетін, мейірім мен қамқорлық иесі.

Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиеге басымдық беру аса маңызды. Қазақ халқының салт-дәстүрі, ауыз әдебиеті, халық ойындары, ұлттық

музыкасы арқылы баланың бойына отансүйгіштік сезім мен адамгершілік қасиеттер дарытылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, балабақша тәрбиесі – ұлт болашағының іргетасы. Тәрбие сапалы болса, ертеңгі ел тұтқасы да берік болады. Сондықтан әрбір педагог баланың жан-жақты дамуына жағдай жасап, мейірімділік пен жауапкершілік негізінде жұмыс атқаруы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
3. Қ.Қожахметова. Тәрбие теориясы мен әдістемесі.
4. Б. Баймұратова. Мектепке дейінгі педагогика.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.